

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

HMP7100

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Philips Consumer Lifestyle B.V.

HK-1315-HMP7100#

(Document No. / Numéro du document)

PHILIPS

Year 2013

(Year, Month (yyyy/mm) in which the CE mark is affixed /
Année/mois (aaaa/mm) au cours de laquelle le marquage
CE a été apposé)

EUROPEAN DECLARATION OF CONFORMITY

(DECLARATION DE CONFORMITE CE)

We / Nous, PHILIPS CONSUMER LIFESTYLE B.V.

(Company name / Nom de l'entreprise)

TUSSENDIEPEN 4, 9206 AD DRACHTEN, THE NETHERLANDS

(address / adresse)

declare under our responsibility that the product(s):

(déclarons sous notre propre responsabilité que le(s) produit(s))

HMP7100#/05, /12, /58

("#" can be A-W consist of different cabinet colour)

PHILIPS

(brand name, nom de la marque)

Home Media Player

(product description, description du produit)

to which this declaration relates is in conformity with the following harmonized standards:

(auquel cette déclaration se rapporte, est conforme aux normes harmonisées suivantes)

(title, number and date of issue of the standard / titre, numéro et date de parution de la norme)

EN 60065:2002+A1(2006)+A11(2008)+A12(2011)

EN 55013:2001+A1(2003)+A2(2006)

EN 55020:2007+A11(2011)

EN 55022:2010

EN 55024:2010

EN301489-1 V1.9.2 (2011)

EN301489-17 V2.1.1 (2009)

EN300328 V1.7.1 (2006)

EN 61000-3-2:2006 + A1(2009)+A2(2009)

EN 61000-3-3:2008

EN50564:2011

EN62479:2010

EN50581:2012

following the provisions of :

(conformément aux exigences essentielles et autres dispositions pertinentes de:)

2006/95/EC (Low Voltage Directive)

1999/5/EC (R&TTE Directive)

2004/108/EC (EMC Directive)

2011/65/EU (RoHS Directive)

2009/125/EC (Eco Design) - EC/1275/2008

And are produced under a quality scheme at least in conformity with ISO 9001 or CENELEC Permanent Documents

(Et sont fabriqués conformément à une qualité au moins conforme à la norme ISO 9001 ou aux Documents Permanents CENELEC)

Only for Medical Devices and R&TTE products:

The Notified Body:

Dekra Certification B.V.
PHOENIX TESTLAB GmbH (0700)

performed:

CB test
R&TTE test

(L'Organisme Notifié)

(Name and number/ nom et numéro)

(a effectué)

(description of intervention / description de l'intervention)

and issued the certificate:

NL-26369 13-111539

(et a délivré le certificat)

(certificate number / numéro du certificat)

Drachten, Netherlands, April 15, 2013

(place, date / lieu, date)

A.Speelman, CL Compliance Manager

(signature, name and function / signature, nom et fonction)

Philips Consumer Lifestyle B.V.

template AMB 544-9056

Мазмұндар кестесі

1	Өнімде көрсетілген тауар белгісі	4
2	Қауіпсіздік және ескерту	6
	Қауіпсіздік	6
	Сәйкестік	7
	Авторлық құқықтары	8
	Қоршаған ортаны күту	8
	Кепілдік	9
3	Негізгілер	10
	Қосу	10
	Қосу немесе сөндіру	11
	Авто күту режимі	11
	Экран сақтағыш	12
	Қашықтан басқару құралын пайдалану	12
	Мәтінді енгізу	13
	Экрандағы пернетақтаны пайдалану	13
	Әріптік-сандық пернелерді пайдалану	14
4	Алғашқы орнату	15
	Үй желісіне қосу	15
	Сымсыз байланыс	16
	Ethernet кабелі арқылы жалғау	18

5 Ойнату	20
Онлайн қызметтерден ойнату	20
Smart TV порталынан ойнату	20
Үй желісінен ойнату	22
iOS құрылғысынан немесе Philips Android құрылғысынан	
мультимедиа файлдарын ойнату	22
Мультимедиа файлдарын компьютерден ойнату (DLNA)	26
USB құрылғысынан ойнату	27
Ойнату параметрлерін таңдау	28
6 Орнату	30
Бейне	30
Дыбыс	31
Желі	31
Артықшылық	31
Қосымша	32
7 EasyLink	33
8 HMP7100 микробағдарламасын жаңарту	34
Микробағдарламаны Интернетте жаңарту	34
Микробағдарламаны USB сақтау құрылғысы арқылы жаңарту	35
9 Ақаулықтарды жою	36
10 Техникалық сипаттамасы	37

1 Өнімде көрсетілген тауар белгісі

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing LLC in the United States and other countries.



DivX®, DivX Certified®, DivX Plus® HD and associated logos are trademarks of Rovi Corporation or its subsidiaries and are used under license.

ABOUT DIVX PLUS® HD: DivX® is a digital video format created by DivX, Inc. This is an official DivX Certified® device that plays DivX video, including DivX® Plus HD video (H.264/.MKV) up to 1080p and premium content. Visit www.divx.com for more information and software tools to convert your files into DivX video.

ABOUT DIVX VIDEO: DivX® is a digital video format created by DivX, LLC, a subsidiary of Rovi Corporation. This is an official DivX Certified® device that plays DivX video. Visit divx.com for more information and software tools to convert your files into DivX videos.

ABOUT DIVX VIDEO-ON-DEMAND: This DivX Certified® device must be registered in order to play purchased DivX Video-on-Demand (VOD) movies. To obtain your registration code, locate the DivX VOD section in your device setup menu. Go to vod.divx.com for more information on how to complete your registration.



Manufactured under license from Dolby Laboratories.
Dolby and the double-D symbol are trademarks of Dolby Laboratories.



Manufactured under license under U.S. Patent Nos: 5,956,674; 5,974,380; 6,487,535 & other U.S. and worldwide patents issued & pending. DTS, the Symbol, & DTS and the Symbol together are registered trademarks & DTS 2.0+Digital Out is a trademark of DTS, Inc. Product includes software. © DTS, Inc. All Rights Reserved.

2 Қауіпсіздік және ескерту

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін корпусты алып тастамаңыз.



«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады.

АБАЙЛАҢЫЗ! От немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және оның үстіне вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар қойылмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ! Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)

- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.

- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.

Өнімге жасалған модификация зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.
- Бұл өнімнің ешбір бөлігін майлауға болмайды.
- Өнімді басқа электр құрылғыларының үстіне қоюға тыйым салынған.
- Бұл өнімді күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Өнімді қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Сәйкестік

CE 0700		R&TTE Directive 1999/5/EC									
AT	✓	BE	✓	CY	✓	CZ	✓	DK	✓	EE	✓
DE	✓	ES	✓	FI	✓	FR	✓	GB	✓	GR	✓
IE	✓	IT	✓	LU	✓	NL	✓	PT	✓	SE	✓
SI	✓	SK	✓	SV	✓	TR	✓	UK	✓	US	✓
GB	✓	IE	✓	LI	✓	NO	✓	CH	✓	RO	✓
										TR	✓

EAC

Бұл өнім 1999/5/EC нұсқауының талабына сай.

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

II сыныпты жабдық таңбасы:



Қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.

WOXX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында орналасқан.

Авторлық құқықтары



Be responsible
Respect copyrights

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ-тағы Rovi Corporation корпорациясының патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Қайта құрастыруға және бөлшектеуге тыйым салынған.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOXX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

Қоршаған ортаны күту

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.


Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.

Кепілдік

- Өнімді жөндеуге әрекеттенуші болмаңыз, бұл жарақат алу, өнімді зақымдау қаупін тудыруы мүмкін және кепілдікті жарамсыз етеді.
- Өнім мен қосалқы құралдарды өндіруші көрсеткен мақсаттарға ғана пайдаланыңыз. Өнімнің артқы жағында басылған сақтандыру белгісі электр тогының соғу қаупін көрсетеді.
- Өнімнің орауын ешқашан алмаңыз. Қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары үшін әрдайым тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Осы нұсқаулықта нақты тыйым салынған кез келген әрекет немесе осы нұсқаулықта ұсынылмаған немесе рұқсат берілмеген реттеу немесе жинау процедуралары кепілдікті жарамсыз етеді.


3 Негізгілер

Қосу



- ① Дыбыс/бейне шығысына арналған HDMI қосқышы
 - HDMI кабелі арқылы жоғары теледидарды (HDTV) қосады
- ② Қуат қосқышы
 - АТ қуат сымы арқылы қуат көзіне қосады


Жоғары сапалы дыбыс үшін





- **OPTICAL** арқылы бейне/дыбыс жүйесінде **HMP7100** құрылғысын **OPTICAL** немесе **SPDIF** кіріс қосқышына қосу үшін талшықты-оптикалық кабельді пайдаланыңыз.

Қосу немесе сөндіру

- 1 **HMP7100** құрылғысында қосу үшін қашықтан басқару құралындағы  түймесін басыңыз.
↳ Қуат көрсеткіші ақ болып жанады.



- 2 Теледидарда **HMP7100** құрылғысының кіріс көзіне ауысыңыз:
 - **HMP7100** құрылғысының кіріс қосқышын таңдау үшін теледидардың қашықтан басқару құралында бастапқы түймені пайдаланыңыз.



- 3 **HMP7100** құрылғысын күту режиміне ауыстыру үшін қашықтан басқару құралында қайтадан  түймесін басыңыз.
↳ Қуат көрсеткіші қызыл болып жанады.

Авто күту режимі

Негізгі экраннан  [Параметрлерді орнату] ішіндегі [Күту режиміне автоматты түрде өту]> [Басымдылық] параметрін қосыңыз.

30 минут бойы **HMP7100** құрылғысында ешбір түйме басылмаса немесе мультимедиа файлдары ойнатылмаса, **HMP7100** құрылғысы автоматты түрде күту режиміне ауысады.

Экран сақтағыш

Негізгі экранда * [Параметрлерді орнату] > [Басымдылық] тармағына өтіп, [Экран сақтағыш] режимін қосыңыз.

10 минут бойы HMP7100 құрылғысында ешбір түйме басылмаса немесе мультимедиа файлдары ойнатылмаса, экран сақтағыш іске қосылады. Экран сақтағыш мүмкіндігінен шығу үшін қашықтан басқару құралындағы кез келген түймені басыңыз.

Қашықтан басқару құралын пайдалану

HMP7100 құрылғысын қосу немесе күту режиміне ауысу

-  түймесін басыңыз.

Экрандар арасында немесе опцияларда жылжу



- Негізгі экранға оралыңыз.



- Опцияларда жылжу

OK

- Опцияны растау



- Бір деңгей кері оралу

Мультимедианы ойнату немесе файлда жылжу үшін опциялар мәзірін көру

-  түймесін басыңыз.

Онлайн теледидар қызметтерін қосу

- SMART TV порталына өту үшін SMART TV түймесін басыңыз

Түсті түймелер (қызыл, жасыл, сары, көк)

- SMART TV порталындағы функционалды түймелер

Мәтінді немесе сандарды енгізу

- Сандар немесе әріптер енгізу үшін әріптік-сандық пернелерді қайталап басыңыз
- Сонымен қатар, экрандағы пернетақтаны көрсету үшін мәтін ұясын басыңыз

Ойнатуды басқару



- Ойнатуды бастау немесе жалғастыру



- Ойнатуды уақытша тоқтату



- Ойнатуды тоқтату



- Алдыңғы/келесі мультимедиа файлын өткізіп жіберу
- ◀◀ / ▶▶ Ағымдағы файл ішінде артқа немесе алға қарай іздеу
- Іздеу жылдамдығын таңдау үшін қайта-қайта басыңыз.



- Фотосуретті бұру

INFO

- Ойнату барысында ағымдағы файл туралы ақпаратты көрсету

SUBTITLE

- Субтитр опцияларын ашу

AUDIO

- Дыбыс тілдерінің опцияларын ашу
- Дыбыс жолдарының опцияларын ашу

Мәтінді енгізу

Экрандағы пернетақтаны пайдалану

Экрандағы пернетақта арқылы мәтінді енгізу үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.



Кіріс режимдерін таңдау

- Қашықтан басқару құралындағы ◀ / ▶ түймесін басыңыз.
↳ Экрандағы пернетақтада ағымдағы кіріс режимі бөлектенеді.

ABC : ағылшынша бас әріппен енгізу

abc : ағылшынша кіші әріппен енгізу

E@ : таңбалар

Мәтінді енгізу

- 1 Қашықтан басқару құралында пернеге жылжу үшін **▲**, **▼**, **◀**, **▶** түймелерін басыңыз, әріпті немесе таңбаны таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Экрандағы пернетақтада қашықтан басқару құралы арқылы енгізу опцияларын таңдаңыз:
← / **→** : жүгіргіні солға немесе оңға жылжыту.
<X> : жүгіргі алдындағы жазбаны жою.
- 3 Мәтінді енгізу аяқталғанда шығу үшін экрандағы пернетақтада **DONE** түймесін басыңыз.

Әріптік-сандық пернелерді пайдалану

- Мәтінді немесе сандарды енгізу үшін қашықтан басқару құралында әріптік-сандық пернелерді қайталап басыңыз.

4 Алғашқы орнату

Алғаш рет **HMP7100** құрылғысын пайдаланғанда келесі орнату әрекеттерін орындаңыз:

- **HMP7100** құрылғысында мәзір тілін таңдаңыз;
- **SMART TV** порталы үшін елді таңдаңыз;
- **HMP7100** құрылғысын Wi-Fi немесе Ethernet кабелі арқылы үй желісіне жалғаңыз.

Орнату опцияларын өзгерту үшін

- Негізгі экраннан  **[Параметрлерді орнату]** тармағына өтіңіз.

Үй желісіне қосу

HMP7100 құрылғысын маршрутизаторға (кіру нүктесі) сымсыз немесе Ethernet кабелі арқылы жалғаңыз. **HMP7100** құрылғысын маршрутизаторға жақын жерде құрылған желіге де жалғауға болады.


Интернетке қосылу үшін маршрутизатор Интернетке тікелей қосылғанын және компьютер арқылы терудің қажет еместігін тексеріңіз.



Ескертпе

- MAC мекенжайын сзу маршрутизаторда қосылған болса, **HMP7100** құрылғысының MAC мекенжайын рұқсат етілген құрылғылар тізіміне қосыңыз. MAC мекенжайын табу үшін негізгі экраннан  > **[Қосымша функ.]** > **[Нұсқа мәліметі]** тармағына өтіңіз.

Сымсыз байланыс



1 Алғаш рет **HMP7100** құрылғысын қосқанда бірінші рет орнату бетінде **[Сымсыз қосылу (Wi-Fi)]** опциясын таңдаңыз.

↳ Қосылым опцияларын таңдау үшін қалқымалы экран көрсетіледі.

2 Қалқымалы экранда **[Сканерлеу]** опциясын таңдаңыз.

↳ Ауқымдағы желілер тізімін табуға болады.

- Желілер тізімін жаңарту үшін **[Қайта скан-у]** опциясын таңдаңыз.
- Желінің аты мен құпия сөзін қолмен енгізу үшін **[Қолмен енгізу]** опциясын таңдаңыз.

3 Желіні таңдаңыз.

4 Қосылым опциясын таңдаңыз: **PIN, PBC** немесе **[Стандартты]**.

↳ Қосылым аяқталғанда хабар көрсетіледі.

↳ **HMP7100** құрылғысын келесі жолы қосқанда **HMP7100** құрылғысы алдында қосылған желіге автоматты түрде қосылады.

↳ **HMP7100** Wi-Fi желісіне қосылған,  белгішесі  болып өзгереді және негізгі экрандағы  белгішесі  болып өзгереді.

Бір түртумен WPS орнату (Wi-Fi қорғалған орнату)


HMP7100 құрылғысы WPS орнатуын қолдайды. **HMP7100** құрылғысын WPS орнатуын да қолдайтын сымсыз маршрутизаторға жылдам әрі қауіпсіз қосуға болады.

Екі орнату әдісінің бірін таңдауға болады: **PBC (Push Button конфигурациясы)** немесе **PIN (Жеке идентификациялық нөмір)**.



- WPS орнатуы — қауіпсіз сымсыз үй желісін оңай орнату үшін Wi-Fi Alliance жасаған стандарт.

PBC



- 1 Маршрутизаторда **HMP7100** құрылғысын қосыңыз:
 - WPS құрылғысын маршрутизаторға қосу әдісін білу үшін маршрутизатордың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Мысалы, WPS басу түймесін басып ұстап тұрыңыз.
 - ↳ Маршрутизатор **HMP7100** құрылғысын іздей бастайды.
- 2 **HMP7100** құрылғысында **PBC** опциясын таңдаңыз.
 - ↳ **HMP7100** құрылғысында қосылым аяқталғанда хабар көрсетіледі.

PIN

- 1 **HMP7100** көрсетілген PIN кодын жазып алыңыз.
- 2 Компьютерде маршрутизаторды орнату бетінде PIN кодын енгізіңіз:
 - PIN кодын маршрутизаторға енгізу әдісін білу үшін маршрутизатордың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- 3 **HMP7100** құрылғысында **PIN** опциясын таңдаңыз.

Стандартты қосылым

- 1 **HMP7100** құрылғысында **[Стандартты]** опциясын таңдаңыз.
- 2 Қалқымалы экранда желінің құпия сөзін енгізіңіз (ақылдасу 'Мәтінді енгізу' бет 13).

Маршрутизатор автоматты түрде белгілеген IP мекенжайын пайдаланыңыз

- **[Авто (ұсынылады)]** тармағын таңдаңыз.

- ↳ **HMP7100** IP мекенжайын алуды бастайды.
- ↳ Қосылым аяқталғанда хабар көрсетіледі.



Кеңес


- Егер DHCP (Dynamic Host Configuration Protocol) қол жетімді болмаса немесе маршрутизаторда ажыратылған болса, ойнатқыштың IP мекенжайын қолмен енгізіңіз.

IP мекенжайын қолмен енгізу

- 1 Маршрутизатордың IP мекенжайын алыңыз.
 - Маршрутизатордың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз немесе
 - Маршрутизатор параметрлерін тексеру үшін компьютердің веб-шолғышына (мысалы, Internet Explorer) IP мекенжайын (мысалы, 192.168.1.1) енгізіңіз. Орнату бетіндегі ақпаратты алыңыз.
- 2 **HMP7100** құрылғысында [**Қолмен (кеңейтілген)**] опциясын таңдап, IP мекенжайын қолмен алыңыз:
 - Ойнатқышта оның маршрутизатормен бірдей ішкі желіде болуына мүмкіндік беретін IP мекенжайын енгізіңіз.
Мысалы, егер маршрутизаторда мыналар болса:
IP мекенжайы: 192.168.1.1, ішкі желі маскасы: 255.255.255.000;
Онда ойнатқышқа мыналарды енгізіңіз:
IP мекенжайы: 192.168.1.XX (мұнда, XX санды білдіреді), ішкі желі маскасы: 255.255.255.000.
 - Енгізу орнын таңдау үшін қашықтан басқару құралында ◀▶ түймесін басыңыз, ал сандарды енгізу үшін ▲▼ түймесін қайталап басыңыз.

Ethernet кабелі арқылы жалғау

- 1 **HMP7100** құрылғысын маршрутизаторға жалғау үшін Ethernet кабелін пайдаланыңыз.



- 2 Алғаш рет **HMP7100** құрылғысын қосқанда бірінші рет орнату бетінде **[Wired (Ethernet)]** опциясын таңдаңыз.
↳ Қосылым опцияларын таңдау үшін қалқымалы экран көрсетіледі.
- 3 Авто IP мүмкіндігін пайдалану үшін немесе IP мекенжайын қолмен енгізу үшін **[Авто (ұсынылады)]** немесе **[Қолмен (кеңейтілген)]** опциясын таңдаңыз.
- Стандартты сымсыз қосылымды қараңыз (ақылдасу 'Стандартты қосылым' бет 17).

5 Ойнату

HDTV құрылғысында мыналардан мультимедиа файлдарын тамашалаңыз:

- онлайн қызметтерден (**SMART TV** порталы арқылы),
- үй желісіндегі DLNA үйлесімді құрылғыдан немесе
- USB көлемді сақтау құрылғысынан.

Онлайн қызметтерден ойнату

HMP7100 құрылғысын Интернетке қосыңыз. Онлайн қызметтерін HDTV құрылғысынан пайдалануға болады.



Ескертпе

- WOOX Innovations желідегі қызмет провайдерлері ұсынған мазмұнға жауапты болмайды.

Smart TV порталынан ойнату


SMART TV порталынан мыналарды орындауға болады:

- онлайн қызметтеріне кіру;
- бағдарламаларды **App Gallery** торабынан жүктеу;
- веб-шолғыш арқылы веб-беттерді шолу.

1

Басты экраннан  тармағына өтіңіз.

↳ **SMART TV** порталы көрсетіледі.



2 Порталда жылжу

- опцияларды таңдау үшін ▲, ▼, ◀, ▶ және OK түймелерін басыңыз;
- бір деңгей артқа өту үшін ↶ түймесін басыңыз;
- негізгі экранға өту үшін ⬆ түймесін басыңыз.

3 Порталда бағдарламаларды жою, жылжыту немесе құлыптау үшін

- қашықтан басқару құралындағы түсті түймелерді экран негізінде түсіндірілгендей пайдаланыңыз.

Бағдарламаларға ата-аналық бақылауды орнату

SMART TV порталында бағдарламаларды құлыптау үшін мына әрекеттерді орындауға болады:

- қашықтан басқару құралындағы түсті түймелерді экран негізінде түсіндірілгендей пайдаланыңыз;
- Алғаш рет **SMART TV** порталын іске қосқанда 18+ деп бағаланған бағдарламаларға құпия сөз орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Үй желісінен ойнату


HMP7100 құрылғысын Wi-Fi немесе Ethernet кабелі арқылы үй желісіне жалғаңыз. (ақылдасу 'Алғашқы орнату' бет 15)

HMP7100 құрылғысымен бір желіде DLNA үйлесімді құрылғыдан мультимедиа файлдарын ойнатуға болады. Осылайша мультимедиа файлдарын **HMP7100** құрылғысы жалғанған HDTV арқылы ойнатуға болады.


DLNA үйлесімді құрылғылар мынадай болуы мүмкін:

- iPhone, iPod touch, iPad және Philips Android планшеті сияқты  **MyRemote** іске қосылған iOS немесе Philips Android құрылғысы;
- Windows Media Player 11 немесе одан кейінгі нұсқасы сияқты DLNA мультимедиа серверінің бағдарламалық құрал іске қосылған компьютер немесе құрылғы.


iOS құрылғысынан немесе Philips Android құрылғысынан мультимедиа файлдарын ойнату




- 1 iOS немесе Philips Android құрылғысының **HMP7100** құрылғысымен бірдей Wi-Fi желісіне жалғанғанын тексеріңіз
- 2 iOS немесе Philips Android құрылғысында **App Store** немесе **Google Play** торабынан  **MyRemote** жүктеп алыңыз.
- 3  **MyRemote** ішінде **SimplyShare** опциясын түртіңіз.



- 4 Мультимедиа көзін таңдаңыз:
 - Үй желісіне қосылған құрылғыны таңдаңыз.



- ➔ Philips Android құрылғысындағы мына қалталар астында сақталған музыканы, фотосуреттерді және бейнелерді табуға болады: **Музыка**, **Суреттер** және **Бейнелер**.
- ➔ Құрылғыда түсірілген фотосуреттер мен бейнелерді де табуға болады.




5 Ойнату бастау керек мультимедиа файлды таңдаңыз.

iOS немесе Android құрылғысын қашықтан басқару құралы ретінде пайдалану

iOS немесе Android құрылғысымен **HMP7100** құрылғысында мультимедиа файлдарын ойнатуды бақылауға болады.

1  **MyRemote** параметрінде **Control** түймесін басыңыз.




↳ Қашықтан басқару құралының түймелері көрсетіледі

- 2 Түймелердің басқа беттеріне жылжу үшін солға немесе оңға қарай жүргізіп өтіңіз.




Мультимедиа файлдарын компьютерден ойнату (DLNA)



- 1 **HMP7100** құрылғысы мен компьютердің бір желіге қосылғанын тексеріңіз.
 - UPnP (Universal Play and Plug) функциясы маршрутизаторды қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- 2 Компьютерде DLNA мультимедиа серверінің бағдарламалық құралын іске қосыңыз. Мультимедиа файлын бөлісу функциясын қосыңыз. Мысалы, Windows Media Player 11 мына әрекеттерді орындаңыз:
 - ① Кітапхана > Мультимедиа файлдарын ортақ пайдалану... параметрін таңдаңыз.
 - ② Мультимедиа файлдарымды бөлісу жанына құсбегі қойыңыз:
 - ↳ Егер **HMP7100** анықталса құрылғылар тізімінен **HMP7100** құрылғысының атын табуға болады.
 - ③ Қажет болса, ойнатқыштытаңдап,Рұқсат ету түймесін басыңыз.
- 3 **HMP7100** құрылғысының негізгі экранынан  тармағын таңдаңыз.
 - Серверлердегі мультимедиа файлдарын табыңыз.
- 4 **HMP7100** құрылғысындағы мультимедиа файлдарын іздеу және ойнату үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

USB құрылғысынан ойнату

HDTV арқылы мультимедиа файлдарын **HMP7100** құрылғысына жалғанған USB көлемді сақтау құрылғысынан ойнатыңыз.



- 1 USB көлемді сақтау құрылғысын **HMP7100** құрылғысындағы  портына жалғаңыз.
↳ USB құрылғысын **HMP7100** құрылғысы танып,  белгішесі негізгі экрандағы  белгішесіне өзгереді.
- 2  тармағын таңдаңыз.
↳ Мультимедиа файлдары былайша сұрыпталады:
 : барлық файл қалталарын көрсету
 : музыка файлдарын көрсету
 : бейне файлдарын көрсету
 : фотосурет файлдарын көрсету
- 3 Ойнату бастау керек файлды таңдаңыз.
 - Осы ойнатқышта DivX бейнелерін ойнату үшін осы ойнатқыштың DivX® тіркеу кодын пайдалану арқылы DivX бейнелерін жалға немесе сатып алыңыз. Кодты алу үшін  [Параметрлерді орнату] > [Қосымша функ.] > [DivX® VOD коды] тармағына өтіңіз.
 - DivX бейнесін ойнатуға бөлек субтитрді пайдалану үшін келесі әрекетті орындаңыз:
 - ① Субтитр файлына DivX бейне файлына атау берген жолмен файл кеңейтімінің атауларын өзгертпей атау беріңіз.
 - ② Субтитр файлын көлемді сақтау құрылғысында DivX бейне файлы сақталған каталогқа сақтаңыз.

Ойнату параметрлерін таңдау

- 1 Ойнату барысында қашықтан басқару құралындағы **≡ OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 2 Параметрді таңдау үшін **▲ ▼ ◀ ▶** түймесін басыңыз. Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Бейнелер үшін

[Ақп]: Файл туралы ақпаратты көрсету.

[Дыбыс тілі]: Дыбыс тілін таңдаңыз.

[Субтитрлер тілі]: Субтитр тілін таңдау.

[Субтитрлерді ауыстыру] (ендірілген DivX файлдары бар субтитрлер):

Теледидар экранында субтитрлердің орнын қолмен өзгерту.

[Жазбалар]: Бейне ішінде тақырып бойынша іздеу.

[Бөлімдер]: Бейне ішінде тарау бойынша іздеу.

[Уақыт бойынша іздеу]: Бейне ішінде өткен уақыт бойынша іздеу.

[Масш]: Қойылымды үлкейту. Масштабтау параметрлерін таңдау үшін

◀ ▶ түймелерін басыңыз. Үлкейтілген қойылымды панорамалау үшін **▲, ▼, ◀, ▶** түймелерін басыңыз.

[Қайталау] > [Файл]: Ағымдағы файлды қайталау.

[Қайталау] > [Қалта]: Ағымдағы қалтадағы барлық файлдарды қайталау.

[Қайталау] > [Өшір]: Қайталау режимін өшіру.

[А-В қайталау]: Таңдалған бөлімді қайталау. Бейнені ойнату кезінде А бастау нүктесінде **[А-В қайталау]** параметрін таңдаңыз, одан кейін В аяқтау нүктесінде **[А-В қайталау]** параметрін таңдаңыз. Таңдалған бөлім қайталап ойнатыла бастайды.

[Сурет параметрлері]: бейнені көрсету үшін түс параметрлерін таңдаңыз.

[Шығарылым] (түрлі уақыт кестелері бар Divx Plus HD файлдары үшін): Басқа уақыт кестесін таңдау.

Фотосурет слайд көрсетілімі үшін

[Ақп]: Файл туралы ақпаратты көрсету.

[Бұру +90]: Фотосуретті 90 градусқа сағат тілінің бағытымен бұрыңыз.

[Бұру -90]: Фотосуретті 90 градусқа сағат тілінің бағытына қарсы бұрыңыз.

[Масш]: Қойылымды үлкейту. Масштабтау параметрлерін таңдау үшін

◀ ▶ түймелерін басыңыз. Үлкейтілген қойылымды панорамалау үшін **▲, ▼, ◀, ▶** түймелерін басыңыз.

[Слайдты көрсету уақыты]: Фотосуреттің слайд көрсетілімінің ойнату жылдамдығын таңдау.

[Анимацияны сырғыту]: Фотосуреттер арасындағы өту әсерлерін таңдау.

[Сурет параметрлері]: Суреттер үшін түс параметрлерін таңдау.

[Қайталау] > [Өшір]: Қайталау режимін өшіру.

[Қайталау] > [Қалта]: Ағымдағы қалтадағы барлық файлдарды қайталау.

Музыка үшін

Музыканы ойнату кезінде ойнату параметрлерін таңдау үшін **☰ OPTIONS** түймесін қайталап басыңыз:

 : ағымдағы файлды қайталау.

 : Ағымдағы қалтадағы барлық файлдарды қайталау.

 : барлық файлдарды кездейсоқ ретпен ойнату.

6 Орнату

HMP7100 құрылғысының орнату опцияларын өзгертуге де болады.

- 1 Негізгі экранда **✱ [Параметрлерді орнату]** параметрін таңдаңыз.
 - Қажет болса, негізгі экранға өту үшін қашықтан басқару құралындағы **🏠** түймесін басыңыз.
↪ Орнату мәзірі көрсетіледі.
- 2 Опцияны таңдау үшін **▲, ▼, ◀, ▶** түймелерін басыңыз. Опцияны құптау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - Жоғарғы деңгей мәзіріне оралу үшін **↶** түймесін басыңыз.

Бейне

[ТД дисплей]: дисплейдің кадр пішімін таңдау.

***[HDMI бейнесі]:** теледидар қолдайтын бейне ажыратымдылығын таңдау. Толығырақ ақпаратты теледидар нұсқаулығынан қараңыз.

[HDMI Түстің қоюлығын]: бейне мазмұны қою түс режимінде түсірілгенде және теледидар бұл функцияны қолдағанда түстерді көбірек көлеңкемен және реңктермен көрсетеді.

[Сурет параметрлері]: бейнені көрсету үшін түс параметрлерін таңдаңыз.

[3D бейнесін көру]: HDMI бейне шығысын 3D режиміне немесе 2D режиміне орнатады.



Ескертпе

- *Бейне ажыратымдылығы теледидармен үйлесімді болмаса, бос экранды көресіз. Дисплейді қалпына келтіру үшін 10 секунд күте тұрыңыз.

Дыбыс

[**Түнгі режим**]: Түнде ойнату үшін қатты және жұмсақ дыбыстарды теңестіру (Dolby Digital кодтаған файлдары үшін).

[**HDMI аудио**]: HDMI қосқышы үшін дыбыс шығысын таңдау.

[**Сандық аудио**]: **OPTICAL** қосқышы үшін дыбыс шығысын таңдау.

[**PCM субдискретизация**]: PCM дыбысының іріктеу жиілігін **OPTICAL** қосқышынан орнатады

Желі

- [**Желілік орнату**] ішінде **HMP7100** құрылғысын үй желісіне қосыңыз.
[**Сымды қос. (Ethernet)**]: Ethernet кабелі арқылы желіге қосу.
[**Сымсыз қосылу (Wi-Fi)**]: Wi-Fi желісіне қосу.
- [**Желі параметрлерін қарау**] ішінде MAC мекенжайы, ағымдағы IP мекенжайы және ішкі желі маскасы сияқты ағымдағы желі туралы ақпаратты табу.
- [**Сымсыз желі параметр-ін қарау**] ішінде ағымдағы Wi-Fi желісінің күйін табу.
- [**Smart TV жадын тазалау**] ішінде **SMART TV** веб-шолғышынан уақытша файлдарды жою.
- [**Өнімге атау беріңіз**.] ішінде **HMP7100** құрылғысын үй желісінде атымен табу жолын түзету.

Артықшылық

[**Мәзір тілі**]: экрандағы мәзірлер тілін таңдау.

[**Аудио**]: бейнелер үшін дыбыс тілін таңдау.

[**Субтитр**]: бейне субтитрі үшін тілді таңдау.

[**Экран сақтағыш**]: **HMP7100** құрылғысы 10 минут бойы әрекетсіздік режимінде болғанда, мысалы, уақытша тоқтату немесе тоқтату режимінде, экран сақтағышты қосу. Экран сақтағыш режимінен шығу үшін кез келген пернені басыңыз.

[Авто субтитрлерді ауыстыру]: Функцияны қолдайтын теледидарлардағы субтитрлер орнын автоматты түрде өзгертуге рұқсат ету. Субтитрлердің орнын қолмен өзгерту үшін бейне ойнату экранында параметрлерді таңдаңыз (ақылдасу 'Ойнату параметрлерін таңдау' бет 28).

[Күту режиміне автоматты түрде өту]: HMP7100 құрылғысында 30 минут бойы ешбір түйме басылмағанда немесе мультимедиа файлдары ойнатылмағанда, HMP7100 құрылғысын күту режиміне ауыстыру.

[Жылдам ояту]: қысқа уақыттан кейін HMP7100 құрылғысын бастау.

Қосымша

[Downmix режимі]: екі арналы дыбыс шығысы үшін опцияларды таңдау.

[DivX® VOD коды]: DivX® қызметіне тіркеу үшін HMP7100 құрылғысының DivX® талап бойынша бейнелері кодын табу.

[Netflix ESN]: Netflix қызметіне тіркеу үшін HMP7100 электронды сериялық нөмірін (ESN) табу.

[Ажырату]: онлайн қызметтерін ажырату.

[Нұсқа мәліметі]: өнім аты, бағдарламалық құрал нұсқасы, MAC мекенжайы, SimplyShare белсендіру коды және қолдау торабы сияқты өнім туралы ақпаратты табу.

[Әдепкі параметрді қалпына келтіру]: зауыттық параметрлерді қалпына келтіру.

7 EasyLink

HMP7100 құрылғысында HDMI CEC (Тұтынушылардың электрондық бақылауы) протоколын пайдаланатын Philips EasyLink мүмкіндігі бар. HDMI арқылы жалғанған EasyLink үйлесімді құрылғыларды басқару үшін бір қашықтан басқару құралын пайдалануға болады.

- 1 HDMI арқылы **HMP7100** құрылғысын HDMI CEC протоколдарымен үйлесімді теледидарға қосыңыз.
- 2 Теледидарда HDMI CEC әрекеттеріне мүмкіндік беру үшін функцияларды қосыңыз (теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 **HMP7100** құрылғысында **[EasyLink]** параметрін қосыңыз.
 - Негізгі экранда *** [Setup] > [EasyLink]** тармағын таңдаңыз. **[Қос]** тармағын таңдаңыз.
- 4 **[EasyLink]** экранында келесі опцияларды таңдауға болады:

[Бір рет түртіп ойнату]

HMP7100 құрылғысында ойнатуды бастағанда теледидар HDMI кіріс арналарына автоматты түрде ауысады.

[Бір рет түртіп күту режиміне өте]

Теледидарды күту режиміне ауыстырғанда **HMP7100** құрылғысы да күту режиміне автоматты түрде ауысады.



Ескертпе

- WOOX Innovations компаниясы барлық HDMI CEC құрылғыларымен үйлесімді болуына 100% кепілдік бермейді.

8 HMP7100

микробағдарламасын жаңарту

Негізгі экраннан  тармағына өтіңіз. SMART TV порталында Club Philips торабымен тіркеуге болады. Осылай жасап, өнім мен бағдарламалық құрал жаңартулары туралы ақпаратты алуға болады.

Микробағдарламаны жаңартпас бұрын HMP7100 құрылғысының ағымдағы микробағдарлама нұсқасын тексеріңіз.  [Параметрлерді орнату] > [Қосымша функ.] > [Нұсқа мәліметі] тармағына өтіңіз.

Микробағдарламаны Интернетте жаңарту

- 1 HMP7100 құрылғысын Интернетке қосыңыз.
- 2 HMP7100 құрылғысының негізгі экранынан  > [Қосымша функ.] тармағына өтіңіз. [Бағдарламалық құралды жаңарту] > [Желі] тармақтарын таңдаңыз.
↳ Микробағдарлама жаңартуы анықталса, жаңартуды бастау сұралады.
- 3 Жаңартуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
↳ Жаңарту аяқталғанда HMP7100 құрылғысы автоматты түрде өшіп, қайта қосылады.



Ескертпе

- Микробағдарлама жаңартуы аяқталмас бұрын HMP7100 құрылғысы қосулы болсын.

Микробағдарламаны USB сақтау құрылғысы арқылы жаңарту

- 1 Компьютерде мына әрекеттерді орындаңыз:
 - ① Соңғы микробағдарламаны табу үшін www.philips.com/support торабына өтіңіз.
 - ② Үлгіні іздеп, «Бағдарламалық құрал мен драйверлер» санатын басыңыз.
 - ③ Микробағдарлама жаңартуын жүктеп алып, USB сақтау құрылғысының түпкі каталогына файлды сақтаңыз.
- 2 HMP7100 құрылғысында мына әрекеттерді орындаңыз:
 - ① USB сақтау құрылғысын жалғаңыз.
 - ② Негізгі экраннан * > [Қосымша функ.] тармағына өтіңіз. [Бағдарламалық құралды жаңарту] > [USB] тармақтарын таңдаңыз.
 - ↳ Микробағдарлама жаңартуы анықталса, жаңартуды бастау сұралады.
- 3 Жаңартуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
 - ↳ Жаңарту аяқталғанда HMP7100 құрылғысы автоматты түрде өшіп, қайта қосылады.



Ескерту

- Микробағдарлама жаңартуын бастамас бұрын HMP7100 құрылғысы қосұлы және сақтау құрылғысы салынған болсын.

9 Ақаулықтарды жою

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы ойнатқыштың үлгісі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі ойнатқыштың төменгі жағында орналасқан. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Сурет жоқ.

- Дұрыс бейне кірісі арнасын таңдау үшін теледидар пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

USB сақтау құрылғысының мазмұнын оқу мүмкін емес.

- USB сақтау құрылғысының форматына қолдау жоқ.
- Қолдау бар жадтың ең үлкен өлшемі — 1 терабайт.
- Ойнатқыштың осы файлдарды қолдайтынын тексеріңіз. («Техникалық сипаттамалары» > «Ойнатылатын медиа» бөлімін қараңыз) .

Субтитрлер көрсетілмейді немесе дұрыс көрсетілмейді.

- Ойнатқыштың субтитр пішімдерін қолдайтынын тексеріңіз. («Техникалық деректер» > «Субтитр қолдауы» бөлімін қараңыз)
- DivX бейнесін ойнатуға бөлек субтитрді пайдалану үшін келесі әрекетті орындаңыз:

- ① Субтитр файлына DivX бейне файлына атау берген жолмен файл кеңейтімінің атауларын өзгертпей атау беріңіз.
 - ② Субтитр файлын көлемді сақтау құрылғысында DivX бейне файлы сақталған каталогқа сақтаңыз.
 - ③ Ойнатқыш арқылы көлемді сақтау құрылғысынан DivX бейне файлын ойнатыңыз.
- DivX бейне файлдарын DLNA арқылы өткізсеңіз, бөлек субтитр файлдарына қолдау көрсетілмейді.

10 Техникалық сипаттамасы



Ескертпе

- Техникалық сипаттамасы және дизайны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

АТ қуаты

- Кіріс: 230 - 240 В~ 50 Гц, 10 Вт
- Қуатты тұтыну: < 10 Вт
- Күту режимінде қуатты тұтыну: < 0,5 Вт

USB қосқышы

- Шығыс: тұрақты ток 5 В, 500 мА

Жұмыс температурасы және ылғалдылығы

- 0°C - 35°C, 5% - 90% Барлық климаттар үшін ылғалдылық.

Сақтау температурасы және ылғалдылығы

- -40 °C - 70 °C, 5% - 95%

Қолданылатын пішімдер:

- Бейне: MPEG 1/2/4(MPEG 4 2-бөлім), H.264, VC-1, WMV9, Divx HD, Divx Plus HD, Xvid, MKV, MPG, AVCHD, AVI, TS, M2TS, TP, VOB, DAT, MP4, MPEG, MOV (MPEG 4, H.264), ASF, FLV(640 x 480)
- Дыбыс: Dolby digital, DTS, MPEG Audio, AAC, RA, OGG, MKA, ADPCM, AC3, WMA (V9), MP3, PCM, LPCM
- Сурет: JPEG, JPG, PNG, GIF (анимацияланбаған GIF), жоғары айқындылықты ажыратымдылықтағы JPEG

HDD және USB қолдауы

- Үйлесімділік: Hi-Speed USB (2.0)
- NTFS, FAT32, FAT, EXT-3
- USB MTP қолдауы, USB PTP қолдауы, USB MSC қолдауы

Сибтитр қолдауы

- .srt, .sub, .smi, .ssa, .idx+.sub, ANSI

Бейне

- HDMI шығысы: 480i, 480p, 576i, 576p, 720p, 1080i, 1080p/24 Гц, 1080p/50 Гц, 1080p/60 Гц

Дыбыс

- HDMI шығысы
- Оптикалық шығыс

Негізгі құрылғы

- Өлшемдері (ұзындығы x ені x биіктігі): 178 x 57,5 x 91 мм
- Таза салмағы: 0,34 кг

11 Жазбаша ұсыныс

WOOX Innovations Limited компаниясы осы құжатпен өнімде пайдаланылатын ашық бастапқы бағдарламалар бумаларының сәйкес бастапқы кодтың көшірмесін сұрау бойынша ұсынады. Бұл ұсыныс тиісті лицензиялармен сұралады. Бұл ұсыныс бұйымды сатып алғаннан кейін үш жылға дейін жарамды. Бастапқы кодты алу үшін open.source@philips.com мекенжайына хабарласыңыз. Егер электрондық поштаны пайдаланбауды жөн көрсеңіз немесе осы электрондық пошта мекенжайына хабар жібергеннен кейін растау хабарын алмасаңыз, мына мекенжайға жазыңыз: Open Source Team, 6/F, Philips Electronics Building, 5 Science Park East Avenue, Hong Kong Science Park, Shatin, New Territories, Hong Kong. Егер хатыңыздың расталғаны туралы хабарды уақытылы алмасаңыз, жоғарыдағы электрондық пошта мекенжайына электрондық хат жіберіңіз.



Specifications are subject to change without notice.

2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

HMP7100_12_UM_V2.0 wk1339.3